ҰЙҒАРЫМ

2025 жылғы 25 ақпан №5265-24-00-2/3911 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С.Сейтжанұлы, талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Түркістан облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Company TC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы арызымен қозғалған азаматтық істі қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 03 желтоқсандағы шешімімен талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Түркістан облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылған.

Аталған сот шешімінің кіріспе және қарар бөліктерінде жауапкер «Company TC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің орнына атауы «Company T» деп қате жазылған.

Қазақстан Республикасы АПК-нің 235-бабы 2-бөлігіне сай, сот шешімде жіберілген қате жазуларды немесе анық арифметикалық қателерді өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын тұлғалардың арызы бойынша түзете алады.

Аталған қателер сот тарапынан түзетуге жатады.

Қазақстан Республикасы АПК–нің 235, 268-269 баптарын басшылыққа алып, сот

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ :

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 03 желтоқсандағы шешімінде жіберілген қателерге түзету енгізілсін.

Шешімнің кіріспе және қарар бөліктерінде қате жазылған жауапкер «Company T» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атауы «Company TC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі» - деп түзетілсін.

Ұйғарымға наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 429 бабының талаптарын сақтай отырып, ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Құжатқа қол қойылған: Сейтжанұлы С., 25.02.2025

Судья С.Сейтжанұлы

Құжатқа қол қойылған: Сейтжанұлы С., 25.02.2025

5265-24-3-1/4191